

егемен

Казакстан

16 мың шақырым

Осы күні халықты таза ауыз сумен қамту мәселесін айтып, депутаттарымыз бен журналистеріміздің жағы талды. Сонда да бұл мәселе әлі күнге толық шешімін таппай келеді. Осындайда, апырмау, еліміз тәуелсіздігін алған соң ғана халық ауыз су сұраған жоқ қой. Ендеше бұрын бұл мәселе қалай шешілді екен деген бір ой мазалайды.

Республикамыздың барлық аймағында бірдей болмаса да ол кезде бұл проблема солтүстік және солтүстік-батыс өңірлерде түбегейлі шешілген еді. Оны бір жүйеге келтірген адам қарапайым қазақ баласы Қаттай Кеншінбаев болатын. Ол өзі құрып, 25 жыл бойы басқарған бүкілодақтық “Союзцелинвод” тресі біздің еліміздің солтүстік өңірлері түгіл, Ресейдің Алтай, Краснодар өлкелеріне, Қорған, Түмен облыстарына, Қалмақия, тіпті Түркіменстан, Әзірбайжанға таза ауыз суын тартып, 2 мыңға жуық елді мекендерді қамтыған 16 мың шақырымдық магистральды су құбырларын салған алып кәсіпорын Қызылжар қаласында орналасып еді. Оның құбырларының ұзындығы бір кезде Гиннестің рекордтар кітабына да жазылған. Біздің төменгі әңгіmemіз сол кісі туралы болмақ.

ӨНЕГЕЛІ ӨМІР. Кеншінбаев... Бұл есімді естігенде солтүстікқазақстандықтардың көз алдына әлдеқандай бір алып әлем елестейді. 1969 жылы Петропавл қаласында “Союзцелинвод” тресі құрылған уақыттан бері қаладағы небір әсем әлеуметтік ғимараттар: мектептер, балабақшалар, ауруханалар, емханалар, санаторийлер, демалыс лагерлері, 150 мың шаршы метрді құраған ондаған көп қабатты тұрғын үйлер салынды. Ғажабы сол, бәрінің құрылысы осы Кеншінбаев есімімен тығыз байланысты еді. Бұларды кім тұрғызды десе қалалықтар аузын толтырып: “Кеншінбаев салған”, десетін. Қай жерде шешілмей жатқан мәселе, қордаланған проблема болса жергілікті өкімет соны дереу Кеншінбаевқа тапсыратын. Болашағы бұлыңғыр деп танылған бірнеше кеңшарларға қолдау көрсетіп, қамқорлыққа алу ісін де соның тресіне жүктеген. Оның ішінде қазіргі Шал ақын, Есіл аудандарындағы “Заря”, “50 лет ВЛКСМ”, “Еңбек”, “Пушкин” кеңшарларына Кеншінбаевтың тресі қолдау көрсетіп, қатарға қосты. Келешегі жоқ, тарату керек деп танылған Еңбек, Жаңасу, Ақсу секілді қазақ ауылдары Кеншінбаевтың көмегінің арқасында жанданып, бірігіп жаңа кеңшар болып кетті. Ол кісі ең бірінші кезекте бұл ауылдарға жоспардан тыс ауыз су құбырын және жол тартып берді. Одан 464 орынды мектеп, 140 орынды

балабақша, тұрғын үйлер, ФАП, дүкен, ондаған шаруашылық нысандарын, соның ішінде, осы өңірдің басқа еш жерінде жоқ, жаз айларында 300 мың данаға дейін кірпіш күйдіре алатын цех салдырды. Соның арқасында бұл ауылдар әлі күнге орындарында отыр. Ауыл тұрғындары Кеншінбаевтың есімін үлкен құрметпен атасады. Қазіргі уақытта қолы жеткендер өздерінің туған ауылына ғана көмектеседі ғой. Ал біз сөз етіп отырған жанның бұл ауылдарға еш қатысы жоқ еді. Ол тек өз қандастарының қиын халін көрген соң басқалар құсап түрлі сылтау тауып, тапсырманы алыс қиянға сырғытпай, жанашырлықпен көмектесе білген.

Бір кезде кеңестік балалар қорының бастамасымен отбасылық жетім балалар үйін құру ісі қолға алынды ғой. Солтүстік Қазақстан облысы да бұл науқанға үн қосып, алғашқылардың бірі болып Анатолий Дудниковтың отбасылық балалар үйін құрады. Ал оларға үй салып беріп, қамқорлыққа алатын кім? Тағы да Кеншінбаев... Қаттай аға бұл тапсырманы да күткендегіден асыра орындап, қалада бірінші болып Дудниковтерге әсем коттедж тұрғызып беріп, астарына “Нива” автокөлігін мінгізді және өздерін ұдайы қамқорлықта ұстады. Кеншінбаевтың шешімімен кәсіпорын бұл үйдің киім, ас-су сияқты проблемаларын толық өз мойнына алған еді. Кеңес Одағы кезінде Қызылжарда қазақша білім беретін жалғыз мектеп-интернат қалған еді. Оның да қолдаушысы мен қорғаушысы, әрине, Кеншінбаев болды. Ол интернаттың материалдық-техникалық базасын нығайтумен қатар жазғы каникулда дем алатын “Балдырған” лагерін де салып берді. Қысқы-жазғы демалыс уақыттарында қаншама баланың ел, жер көруіне жағдай жасап, жүздеген ұжымдық жолдамалар сатып әперді десеңізші...

“Союзцелинвод” тресі КСРО-ның Мелиорация және су шаруашылығы министрлігінің “Союзглавсельхозснабжения” атты ең үлкен бас басқармасына қарайтын. 1969 жылы осы кәсіпорынды құрумен қатар Қаттай аға оны Қазақстанның солтүстігін ғана емес, Ресейдің шекаралас және одан да алыс атыраптарын ауыз сумен қамтитын алып индустриялық орталыққа айналдыра білді. Кәсіпорынның магистралды су құбырларын пайдалану жөніндегі 22 жергілікті басқармасы, 10 құрылыс кәсіпорындары, 2 зауыты болды. Осынша алып құрылымды 25 жыл бойы табан аудармай қазақ баласының басқаруы өте сирек кездесетін құбылыс. Әсіресе, қандастарымыздың саны сол жылдарда 8 пайыздан аспаған Петропавл қаласында бұл тіпті таң қаларлық жәйт еді. Осындай биікке жету үшін шашасына шаң жұқтырмайтын дарынды басшы, терең білімді, іскер маман, жұғымды адам, жігерлі

азамат бола білу керек-тін. Кеншінбаев осы талаптардың үддесінен шыға білген жан. Білетіндердің айтуына қарағанда мұндай, одақтық треске 25 жыл бойы бастық болған басқа адам Қазақстанда тіпті болмаған да екен...

Егер мұндай алып кәсіпорынды Қаттай Кеншінбаев емес, орыс немесе басқа ұлттың өкілі осынша зор, толымды табыспен 25 жыл бойы басқарса, ол Социалистік Еңбек Ері де болар еді, Лениндік сыйлықты да алар еді. Ал Қаттай ағаға бұйырған бар марапат әрбір 7-8 жыл сайын кеудесіне қадайтын орден ғана болыпты. Оның өзі және бір түрден өзгермеген: үшеуі “Еңбек Қызыл ту” және біреуі “Құрмет белгісі” ордендері. Ол ол ма, осы қазақ азаматының жетістіктерін көре алмағандар да толып жатты.

Сол жылдары обкомның бюро мүшесі болған Шәмәт Мүрсәлімов марқұмның жазып кеткен естелігіне қарағанда “Кеншінбаевтың ісі” бюрода бірнеше рет қаралыпты. Соның соңғысында обкомның сол кездегі бірінші хатшысы Василий Демиденко марқұм: “Сендер толып жатқан сенделме ішкіштерді көрмей, жұмыс істей алатын жалғыз Кеншінбаевты көреді екенсіңдер”, деп кезекті отырысқа дайындалмақшы оның “делосын” лақтырып жіберіпті. Содан кейін біраз уақыт бойы, Демиденко кеткенше Қаттай ағаға ешкім тимепті...

Ұзақ жылғы Кеншінбаевтың қол жеткізген табыстарын түгел айтып шығу мүмкін емес. Дегенмен, білікті инженер ретінде ол бастаған өнертапқыштар тобының диаметрі 100-ден 1400 мм. дейінгі су құбырларын тазалау агрегатын ойлап тауып, оны өндіріске енгізгенін айта кетелік. Осы және басқа да өнертапқыштық жетістіктері үшін оған КСРО-ның еңбек сіңірген өнертапқышы атағы да берілген. Сонымен бірге, Қазақстанның еңбек сіңірген гидротехнигі, Петропавл қаласының құрметті азаматы деген атақтары бар.

ӨСКЕН ОРТА. Қаттай Бектасұлы 1929 жылы Солтүстік Қазақстан облысының қазіргі Аққайың ауданындағы Қызылту атты қазақ ауылында көп балалы отбасында өмірге келген. Туа сала әкесінен, алты жасында шешеден айырылып, тұл жетім болып қалады. Өзінен үлкен үш ағасы мен үш апасы бар екен, жас Қаттайға шамасы келгенше солар қамқор болады. Соры арылмаған баланың көрешегі әлі де көп еді. 1937 жылы жетімдердің бәріне бас-көз болып отырған Әзімбай деген үлкен ағасы “халық жауы” атанып, сотталып кетеді. Енді Қаттай “халық жауының құйыршығы” аталып, көзтүрткі болады. Бірақ “жасықты соға берсең кетіледі, асылды соға берсең жетіледі” дегендей қайсар бала сонда да оқудан қалмай, 1947 жылы Көкшетауда қазақ мектебін бітіріп шығады. Ендігі мақсат жұрт қатарлы педучилище бітіріп алып, тезірек өз нанын табу болған.

Бірақ техникаға құмар жеткіншек жөн білетін жандардың сілтеуімен жетім балаларға жағдай жасалады екен дегенді естіп, Барнауыл қаласындағы Алтай ауыл шаруашылығы мәшине жасау институтынан бір-ақ шығады. Осында гидромелиорация инженері мамандығын алып шығып, жолдама бойынша Томск облысының бірқатар кәсіпорын, шаруашылықтарында 1959 жылға дейін 7 жыл қызмет істейді. Осы жақта орыс қызы Латышева Зинаидаға үйленіп, екі баланың әкесі болады.

Жат жерде абыройы жаман болмаса да атамекені текті ұланның есінен шықпайды. Сөйтіп, ол отбасын алып 1959 жылы солтүстікке оралады. Әуелі ауылды жерде қызмет істеген. Бірақ жас инженердің біліктілігін бағалаған облыстық партия комитеті ұзамай оны өзіне нұсқаушылық қызметке алады. Осы жерде бірнеше жыл істеген соң ол облыстық мелиорация және су шаруашылы басқармасына бастық етіп жіберіледі. Ал 1969 жылы Петропавлда одақтық “Союзцелинвод” тресі құрылғанда оның басқарушысы болып Қаттай Кеншінбаев тағайындалады. Ағамыздың одан кейінгі 25 жыл бойғы қызметі туралы жоғарыда біраз тоқталып өттік.

Бұл кісінің жүрген жеріндегі беделі орасан зор еді. Теледидарда қызмет істеп жүрген жылдары әлдебір себеппен “Союзцелинвод” тресіне бара қалдым. Сондағы адами жылылық, кішіпейілділігі әлі естен кетпейді. Сөйтсе, Қаттай аға өзі ғана емес, қызметкерлерінен де иманжүзді болып, кісіні сыйлап тұруды талап етеді екен. Оның ұжымының берік, табысының толымды болуының бір себебі де сол шығар-ау... Ол ортадан аласа ғана бойы бар, қарапайым қазақ баласы еді. Білмеген адам оны соншалықты беделі бар, алымды басшы деп айта да алмайтын. Даусы да ақырын, баппен сөйлейтін. Бірақ оның жан дүниесі мықты, іште бұлқынған қажыр күші орасан болатын. Сонымен бірге жүрегі мейірімді, адамға жан жылуымен елжіреп қарайтын.

1979 жылы Қаттай ағаның зайыбы ауыр науқастан қайтыс болды. Оның қайғысы бүкіл ұжымның қабырғасына қатты батты десек артық емес. Көп тілегі қабыл болып Қатекең ұзамай Раушан есімді қазақ әйеліне үйленіп, одан да бір бала көрді. Өмірінің соңғы жылдарында Қаттай аға қоғамдық жұмыстарға белсене араласып жүрді. “Қазақ тілі” қоғамының шараларынан қалмай, онда өзінің ағалық ақыл-кеңестерін де айтып отыратын еді. Ұлттық мүдде, еліміздің болашағы ол кісіні де қатты толғантатын. Әсіресе, өзі құрған су желілерінің істен шығып жатқаны, оларды жөндеу, қалпына келтіру жұмыстарына жергілікті өкіметтің күші жетпей отырғаны оған қатты батты. Бірақ ағамыз алдағы жақсылықтан үмітін үзбеуші еді, бәрібір оларды қайта қолға алатын күн туады деп отырғанын талай рет

естідік.

Абзал аға 2001 жылы ауыр науқастан 73-ке қараған шағында өмірден өтті. Бірақ оның ісі жалғасып келеді. Солтүстік өңірдің халқы негізінен сол кісі салдырған құбырлармен келетін суды ішуде. Таза ауыз судың қадірін білетін білікті адамдардың бәрі де сол үшін Қаттай ағаның рухына ризашылықтарын білдіріп жатады.

Кеншінбаевтың ұзақ жылдардағы еңбегі ескеріліп, тұрған үйінің қабырғасына ескерткіш тақта қағылған. Бірақ Кеншінбаевтай адамның бейнесін еске сақтауға бұл әрине аздық етеді. Оған өзі тұрған Парковая көшесінің және өзі қамқор болған елді мекендердің бірінің атын беру керек-ақ. Осы мәселені “Союзцелинводтың” орнында қалған “Есіл су” кәсіпорнының қызметкерлері қазір қатты көтеріп жүр. Қаттай Кеншінбаевтың есімін жалғыз терістік емес, исі қазақ халқы да мақтаныш етсе де артық емес қой.

Авторы: Жақсыбай Самрат.